

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 және 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1201 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 748 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) (күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.08.27. N 1251 Қаулысымен);

2) "Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1201 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 45, 568-құжат):

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "Акцияларының" деген сөз "Даму институттарын қоспағанда, акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу ережесінде:

тақырыбындағы ""Акцияларының" деген сөз "Даму институттарын қоспағанда, акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ "(бұдан әрі - Ереже)" деген сөздерден кейін "даму институттарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі